

*И. М. Искаков, мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, полиция капитаны (ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)*

### **ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ**

Қазақстан Республикасы 1991 жылы тәуелсіздігін алғаннан кейін, алғашқы жылдардан бастап ақ азаматтық қоғамның үкіметтік емес ұйымдар деп аталатын құрылымына ерекше кәңіл бөлінуінің маңызын айқындады. Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғанындай, үкіметтік емес ұйымдардың даму деңгейі азаматтық қоғамның қаншалықты жетілгенін, әнгенін және елдегі демократиялық үдерістердің даму дәрежесін айқындап береді.

Жоғарыда айтқанымыздай, үкіметтік емес ұйымдарды дамытудың конституциялық негіздері егемендіктің таңы атқан кезде-ақ енгізілген болатын. Қазақстан Республикасы Конституциясының 5-бабында елімізде идеологиялық және саяси әр алуандылық танылатыны, қоғамдық бірлестіктер заң алдында теңдігі, қоғамдық бірлестіктер ісіне мемлекеттің және мемлекет ісіне қоғамдық бірлестіктердің заңсыз араласуына, қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік органдардың қызметін жүктеуге болмайтындығы айқын жазылған.

Ой мен әрекет еркіндігі берілген кез келген демократиялық мемлекет үшін үкіметтік емес ұйымдар — заңды тенденция. 1945 жылы құрылғаннан бастап әлсізге қорған, ашыққанға ас бола білген Біріккен Ұлттар Ұйымымен бірге қоғам белсенділігінің жаршысы саналатын «үкіметтік емес ұйымдар» да адамзат тарихында қалыптаса бастады. Статистикаға сәйкес, үкіметтік емес ұйымдар саны АҚШ-та — 1,5 млн, Ресейде — 270,000 болса, Үндістанда 2009 жылы мемлекеттік емес ұйымдар саны 2 млн-ға жетіп, әрбір 600 азаматқа бір ұйымнан тиісті болған. Ал Қазақстанда үкіметтік емес ұйымдар саны 27 мыңнан асады. Жұмыс жасау жүйесі мемлекетке тәуелсіз бұл ұйымдарды дамыту — әрбір азаматын елдің негізгі байлығы деп білген мемлекет үшін маңызды миссия.

Үкіметтік емес ұйымдар — қазіргі уақытта елімізде барлық әлеуметтік маңызды салалардың жұмысын жүзеге асыратын 27 000-ға тарта үкіметтік емес ұйым қызмет етеді. 2002 жылы Үкімет қаулысымен үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдаудың Тұжырымдамасы бекітілді. Тұжырымдама үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдаудың мақсаты мен басымдықтарын және оларды жүзеге асырудың тетіктері мен деңгейін айқындады. 2003 жылы үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдаудың 2003—2005 жылдарға арналған бағдарламасы қабылданды. Бағдарламаның мақсаты — Қазақстанда үкіметтік емес ұйымдардың тұрақты дамуына жағдай туғызу және мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдау мен өзара іс-қимыл негізінде олардың қоғамдағы әлеуметтік маңызды мәселелерді шешудегі рөлін арттыру болып табылады. Тиісті әңірлік бағдарламалар бекітілген. Бүгінгі таңда облыстар және Астана, Алматы қалалары әкімдерінің жанында билік пен үкіметтік емес ұйымдардың өзара іс-қимылын орнықтыратын кеңестер, ал орталық атқару органдарында салалық үкіметтік емес ұйымдар қатысуларымен консультативтік-кеңестік органдар құрылып, қызмет етуде. 2003 жылғы 14—15 қазанда Мемлекет басшысының қатысуымен тұңғыш рет Азаматтық фо-7

рум — үкіметтік емес ұйымдар республикалық съезді әтті. Форумның ұйымдастырылуы мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың қоғамдық әзекті проблемаларды шешуде әріптестік негізіндегі өзара іс-қимыл тетіктерін жетілдірудің бірлескен қадамдарын әзірлеуге мүмкіндік туғызды. 2005 жылғы 1 сәуірде Қазақстан Республикасы Президенті Н. Назарбаевтың отандық үкіметтік емес ұйымдар әкілдерімен кездесуі әтті. Мемлекет бас-шысы Қазақстанның үкіметтік емес ұйымдар конфедерациясының II Азаматтық форум әткі-зу туралы бастамасын қолдады. 2005 жылы сәуірде республикалық бюджет есебінен әлеу-меттік маңызды проблемаларды шешуде үкіметтік емес ұйымдардың қатысуының құқықтық негізін қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы» Заңы қабылданды, II Азаматтық форумға дайындық шеңберінде Үкімет II Азамат-тық форумға дайындық жүргізу және әткізу жәніндегі Ұйымдастыру комитетін құрды. Со-нымен қатар, құрамына ірі үкіметтік емес ұйымдар мен облыстық қауымдастықтар басшыла-ры енген Форумға дайындық жүргізу жәніндегі қоғамдық ұйымдастыру комитеті құрылды.

Халықаралық ұйымдар — мемлекеттердің немесе олардың құрылымдарының, сондай-ақ қоғамдық ұйымдардың, ұлттық қоғамдардың, үкіметтік емес сипаттағы қауымдастықтардың, әртүрлі мемлекеттердің атынан жүретін жеке мүшелердің бірлесуі; қоғамдық әмірдің әртүрлі (саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени, ғылыми-техникалық және т. б.) салаларында ор-тақ мақсаттарға жету үшін құрылады және халықаралық әріптестіктің аса маңызды түрі бо-лып табылады.

Үкіметтік емес халықаралық ұйымдар — мемлекетаралық келісім негізінде емес, жеке не-месе заңды тұлғалардың бірігуі нәтижесінде құрылған, қызметі үкіметтің ресми сыртқы сая-сатынан тыс жүргізілетін ұйымдар. Мұндай ұйымдарға мынадай белгілер тән: мақсаттары міндеттерінің халықаралық сипаты; құрылтайшылықтың жеке, яғни мемлекеттік емес сипа-ты; олардың қызметінің ерікті түрде жүргізілуі. Міне, сондықтан да мұндай ұйымдарды халықаралық қатынастардың «жаңа акторларына» жатқызады. Мемлекеттің беделі мен күші-не сүйенетін үкіметаралық ұйымдардан айырмашылығы үкіметтік емес ұйымдар ықпал ету-дің құралы ретінде халықаралық қоғамдық пікірге сүйенеді, ал мақсатқа жетудің жолдары үкіметаралық ұйымдарға (ең алдымен БҰҰ-на) және қандай да бір жекелеген мемлекеттерге қысым кәрсетумен анықталады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 23 қаңтар № 85 қаулысына сәйкес Үкі-меттік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдаудың негізгі мақсаты Қазақстан Республикасында әлеуметтік саясат жүргізудегі қатынастардың жаңа моделін қалыптастыру, әлеуметтік бағ-дарланған үкіметтік емес ұйымдарға олармен белсенді ынтымақтастық жасау арқылы тиімді кәмек кәрсету, оларды әлеуметтік маңызы бар проблемаларын шешуге тарту, үкіметтік емес ұйымдарға ақпараттық, консультативтік, әдістемелік, ұйымдық-техникалық қолдау, сондай-ақ мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс арқылы кәмек кәрсету болып табылады.

Қойылған мақсатқа сәйкес мынадай міндеттер анықталады:

- 1) мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың өзара іс-қимылын әрі ынтымақ-тастығының жүйесін жетілдіру;
- 2) азаматтық бастамалардың әсуі үшін жағдай жасау;
- 3) әлеуметтік бағдарланған үкіметтік емес ұйымдар бағдарламаларын мемлекеттік әлеу-меттік тапсырыстар арқылы қаржыландыру;
- 4) мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктердің өзара іс-қимылы жәніндегі кеңес-тер құру;
- 5) іс-шараларды (әлеуметтік маңызы бар проблемалар бойынша конференциялар, дөңге-лек үстелдер, семинарлар, тренингтер, мәдени-бұқаралық акциялар және басқалар) бірлесіп әткізу;
- 6) Қазақстанның мемлекеттік емес ұйымдарының қызметін ақпараттық қамтамасыз ету;
- 7) үкіметтік емес ұйымдарды тіркеу жағдайларын жеңілдету.

Үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдауды қалыптастыру және іске асыру мәселе-леріне кәзқарасты әзірлеу мынадай қағидаттарға негізделуі тиіс:

- 1) заңдылық — Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы нормаларының сақ-талуы;

2) әріптестік — үкіметтік емес ұйымдардың және мемлекеттік органдардың әлеуметтік проблемаларды шешуге, әлеуметтік саясаттың басымдықтарын айқындауға бірлесіп қатысуы;  
8

1 <http://www.indexngo.kz/kk/news/23>

2 <https://kk.wikipedia.org/wiki>

3 Саяси түсіндірме сөздік. — Алматы, 2007.

4 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 23 қаңтардың № 85 қаулысы // <http://www.government.kz>

3) ашықтық-мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты ұсынуда барлық мүдделі үкіметтік емес ұйымдар үшін әлеуметтік тапсырыстар беруде тараптардың ашықтығы мен ақпаратқа жалпыға бірдей қол жеткізушілігі;

4) тең құқықтық — барлық үкіметтік емес ұйымдардың тендерге қатысуға тең құқықтығын қамтамасыз ету;

5) келісімділік — қойылған мақсаттарға қол жеткізу және ортақ қызметті ұйымдастыру тәсілдері жөнінде келісілген шешімдер қабылдау;

б) жауапкершілік — тараптардың әлеуметтік тапсырысты орындауға арналып бекітілген мемлекеттік шартты қатаң сақтауы<sup>4</sup>.

Үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдау әртүрлі: ақпараттық, консультативтік, әдістемелік, ұйымдық-техникалық нысандарда, сондай-ақ мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс арқылы жәрдемдесіп, іске асырылуы мүмкін.

Үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдаудың бағдарламасында нақты әлеуметтік маңызы бар бағдарламалар мен іс-шаралар, оларды іске асыру мерзімдері, аяқтау нысандарын, жауапты орындаушыларды кәрсету қажет.

Үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдау бағдарламасының басымдықтары мемлекеттік емес ұйымдар қызметін жеткілікті түрде табысты жүзеге асырып отырған әлеуметтік саладағы мемлекеттік саясаттың бағыттарымен айқындалады.

Үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдау бағдарламасының басым бағыттары: экологиялық, балалар, жастар, білім беру, әлеуметтік, гендерлік, құқық қорғау, медициналық болып табылады.

Осы тұжырымдамада белгіленген Қазақстан Республикасының үкіметтік емес секторын дамыту проблемаларын тиісті заңнамалық негіз құруды ескере отырып шешу мемлекеттік органдар мен қоғамдық сектор арасындағы әріптестік қатынастардың тұрақты және тиімді жүйесін құруға, сондай-ақ республиканың азаматтық қоғамын дамытуға негіз қалайды.